

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу және мемлекеттік органдарды статистикалық және талдау ақпаратымен қамтамасыз ету тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қараша N 1164 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 маусымдағы № 617 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 617 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңының 11-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу және мемлекеттік органдарды статистикалық және талдау ақпаратымен қамтамасыз ету тәртібі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 2 қарашадағы
N 1164 қаулысымен
бекітілген

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу және мемлекеттік органдарды статистикалық және талдау ақпаратымен қамтамасыз ету тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізуі және мемлекеттік органдарды статистикалық және талдау ақпаратымен, осы ақпаратты пайдаланушылар үшін құпия болып табылмайтын, бұл ретте пайдаланылатын нысандар мен құралдарға қарамастан қамтамасыз етуді тәртібін анықтайды.

2. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу

2. Жалпы мемлекеттік статистикалық есептілік пен уәкілетті орган жүргізетін арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқаулар жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар болып табылады.

3. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу өзіне статистикалық байқаулар бағдарламасын, жалпы мемлекеттік статистикалық есептілік нысандарының тізбесін әзірлеуді, Статистикалық жұмыстар жоспарын бекітуді, статистикалық деректерді жинауды және өңдеуді қамтиды.

4. Статистикалық байқау бағдарламасы байқау жүргізудің мақсаты мен міндеттерін, олар бойынша деректер жинау жүзеге асырылатын көрсеткіштердің (сұрақтардың) тізбесін, нысан, сұрақтама, сауалдама, санақ парағы, есепке алу мөрқағазы және басқа түрінде ұсынылған, оларды есептеп шығарудың әдістемесін және статистикалық байқау жүргізу жөніндегі нұсқаулықты а й қ ы н д а й д ы .

Статистикалық байқаулар бағдарламасын әзірлеуді және бекітуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Жалпы мемлекеттік статистикалық есептілік нысандарының тізбесі зерттеу жүргізу кезеңіне қарамастан қалыптасады. Статистикалық жұмыстардың жоспары әрбір күнтізбелік жылға жасалады.

6. Жалпы мемлекеттік статистикалық есептілік нысандарының тізбесі мен Статистикалық жұмыстардың жоспарын уәкілетті орган әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі заңнамада белгіленген тәртіппен бекітеді.

7. Уәкілетті орган жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізуге ұйымдардың лауазымды адамдарын белгіленген тәртіппен тартуы мүмкін.

8. Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларының, сондай-ақ заңды тұлғаларының олардың құрылымдық бөлімшелерінің, өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар өкілдіктерінің және филиалдарының бастапқы статистикалық деректерді беруі заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік органдарды статистикалық және талдау ақпаратымен қамтамасыз ету

9. Уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері статистикалық және талдау ақпаратын мемлекеттік органдарға республикалық бюджет қаражаты есебінен береді.

10. Уәкілетті орган мемлекеттік органдарға Статистикалық жұмыстардың жоспарына сәйкес түзілген статистикалық және талдау ақпараты тізбесін жыл сайын жібереді.

11. Мемлекеттік органдар тиісті статистикалық және талдау ақпаратын алуға арналған өтінімдерді уәкілетті органға жібереді.

12. Уәкілетті орган статистикалық және талдау ақпаратын тарату тізілімін берілген өтінімдерге сәйкес қалыптастырады.

13. Статистикалық және талдау ақпараты баспа басылымдары (жарияланымдар) түрінде немесе электрондық тасымалдаушылармен беріледі.

14. Статистикалық және талдау ақпараты мемлекеттік органдарға тарату тізілімінде көзделмеген біржолғы сұрау салулар бойынша да берілуі мүмкін.

15. Аумақтық статистика органдары өздерінің құзырына енетін мәселелер жөнінде статистикалық және талдау ақпаратын мемлекеттік органдарға уәкілетті орган үшін осы бөлімде белгіленген тәртіппен береді.